

**"Қызылорда қаласының көп бейінді аурухана кешеніне медициналық жабдықтар беру" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасында ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 20 ақпан N 181

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қызылорда қаласының көп бейінді аурухана кешеніне медициналық жабдықтар беру" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасында ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы "Қызылорда қаласының көп бейінді аурухана кешеніне медициналық жабдықтар беру" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасында ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы"**

2003 жылғы 29 қаңтарда Астана қаласында жасалған "Қызылорда қаласы көп бейінді аурухана кешеніне медициналық жабдықтар беру" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасында ноталар алмасу нысанындағы келісім бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі нотасының аудармасы**

**Қ а з а қ с т а н**

**Р е с п у б л и к а с ы н ы ң**

**Сыртқы істер министрлігі**

**Астана 29 қаңтар, 2003**

Сіздің Жоғары мәртебеліңіз,

Мәтіні төменде келтірілген Сіздің бүгінгі күнмен белгіленген Жоғары мәртебелі Нотаңызды алғандығымды растауға рұқсат етуіңізді сұраймын:

"Екі ел арасындағы достық байланыстар мен ынтымақтастықты кеңейту үшін жапон экономикалық ынтымақтастығына қатысты Жапония Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері арасында жақында өткізілген талқылауға жүгінуді әрі Жапония Үкіметінің атынан мынадай келісімдерді ұсынуға рұқсат етуіңізді сұраймын:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қызылорда қаласының көп бейінді аурухана кешеніне медициналық жабдықтар беру жөніндегі жобасын (бұдан әрі - Жоба) іске асыруға көмектесу мақсатында Жапония Үкіметі Жапонияның қолданыстағы заңнамасына, нормативтік кесімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне Ү 467.000.000 (төрт жүз алпыс жеті миллион иен) мөлшерде грант (бұдан әрі - Грант) бөлінсін.

2. Грант, егер осы кезең уәкілетті екі үкіметтің өзара келісімдері арқылы ұзармаған болса, осы келісім күшіне енген күн мен 2003 жылғы 31 наурыз арасындағы кезең ішінде ұсынылады.

3. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі Грантты тек төменде аталған Жапонияның немесе Қазақстан Республикасының өнімдерін немесе Жапония бодандарының немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының қызметтерін сатып алу үшін пайдаланады (осы келісімде қолданылатын "бодандар" термині жапондық бодандарға қатысты жапондық жеке тұлғалар бақылайтын - жапондық жеке тұлғаларды немесе жапондық заңды тұлғаларды және қазақстандық бодандарға қатысты - қазақстандық жеке немесе заңды тұлғаларды білдіреді):

(а) Жобаны іске асыру үшін қажетті және оларды орналастыру үшін қажетті жабдықтар;

*Жапонияның Қазақстан Республикасындағы  
Төтенше және Өкілетті Елшісі  
Жоғары мәртебелі*

*Тосио Цунодзакиға*

(б) Жобаны іске асыру үшін қажетті көлік құралдары және оларды орналастыру үшін қажетті қызметтер

(с) жоғарыдағы (а), (б) тармақтарында көрсетілген өнімдерді Қазақстан Республикасына тасымалдау үшін және ел ішінде тасымалдау үшін қажетті қызметтер.

(2) Егер екі үкімет қажет деп тапса, жоғарыдағы (1) тармақтың ережелеріне қарамастан, Грант жоғарыдағы (1) тармақтың (а) және (б) тармақшаларында көрсетілген Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан өзге үшінші елдерде шығарылған өнімдерді әрі (1) тармақтың (а), (б) және (с) тармақшаларында көрсетілген Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан өзге үшінші елдерде сатып алуға берілген қызметтерді пайдаланылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органдары 3-тармақта көрсетілген өнімдер мен қызметтерді сатып алу үшін жапондық бодандармен жапондық иенінде келісім-шарт жасасады. Жапония Үкіметі Грант үшін ыңғайлы мұндай келісім-шарттар ретінде бекітуі тиіс.

5. (1) Жапония Үкіметі Грантты Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органдары 4-тармақтың ережелеріне сәйкес бекітілген келісім-шарттар (бұдан әрі - Бекітілген келісім-шарттар) бойынша алған міндеттемелерді жабу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы Жапония банкінде белгіленген (бұдан әрі - Банк) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына ашылған шотқа жапондық иенімен төлемдер жасау жолымен орындайды.

(2) Жоғарыдағы (1) тармақшада көрсетілген төлемдер Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы ақы төлеуді жүргізу үшін уәкілдік берген Банкке Жапония Үкіметіне төлем өтінішін берген кезде орындалады.

(3) Жоғарыдағы (1) тармақшада көрсетілген шоттың жалғыз мақсаты Жапония Үкіметінің жапон иенінде төлемдер алуы және Бекітілген келісім-шарттардың қатысушылары болып табылатын жапондық боданның ақы төлеуі болып табылады. Банк шотынан кредит пен дебетке қатысты рәсімдік шаралар Банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе ол уәкілеттік берген орган арасындағы консультациялар жолымен келісіледі.

6. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі мынадай шараларды:

(а) Қазақстан Республикасының аумағында Грант бойынша сатып алынған тауарларды уақытында кедендік ресімдеуді және ішкі тасымалдауды қамтамасыз ету;

(б) жапондық бодандарды Бекітілген келісім-шарт бойынша өнімдерді жеткізу мен қызметтерге байланысты Қазақстан Республикасында салынатын кедендік баж, ішкі салықтар және өзге де қаржылық алымдардан босату;

(с) Бекітілген Келісім-шарттар бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізуге байланысты қызметі қажет болатын жапондық бодандарға өз жұмыстарын орындауы үшін Қазақстан Республикасына келу және оның аумағында болу жағдайларын қ а м т а м а с ы з е т у ;

(д) Грант бойынша сатып алынған тауарлардың жобаны іске асыру мақсатында тиесілі және тиімді ұсталатынын және пайдаланылатынын қамтамасыз ету;

(е) Грантпен жабылатындардан басқа, Жобаны іске асыру үшін қажетті барлық шығысты көтеру үшін қажетті шараларды қолданады.

(2) Грант бойынша сатып алынған тауарларды жөнелтуді және теңіздік тасымал сақтандыруына қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі тауарларды жөнелту және теңіздік тасымалдау сақтандыру компанияларының арасында әділ әрі еркін бәсекелестікке кедергі келтіруі мүмкін қандай да бір шектеулер белгілеуден б а с т а р т а д ы .

(3) Грант бойынша сатып алынған тауарлар Қазақстан Республикасынан қайта

экспортқа

шығарылмайды.

7. Осы келісімдерге байланысты туындауы мүмкін мәселелер бойынша екі Үкімет бір-бірімен консультациялар жүргізеді.

Осы Нота мен Сіздің Жоғары мәртебеңіз Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жоғарыда келтірілген келісімді растайтын жауап Нотаңыз Жапония Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енетін екі үкімет арасындағы бекітілген Келісім болып саналатындығын ұйғаруға маған құрмет көрсетіңіз.

Сіздің Жоғары мәртебеңізге өзімнің терең құрметімді білдіру мүмкіндігін пайдалануыма рұқсат етіңіз."

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жоғарыда көрсетілген келісімді растауға және Сіздің Жоғары мәртебелі Нотаңыз және осы Нота Жапония Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енетін екі үкімет арасындағы бекітілген келісім болып саналатындығына келісімімді білдіруді құрмет тұтамын.

Сіздің Жоғары мәртебеңізге өзімнің терең құрметімді білдіру мүмкіндігін пайдалануыма рұқсат етіңіз.

*Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер бірінші вице-министрі*

*Қайрат Әбусейітов*

## **Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Елшілігі нотасының аудармасы**

**Астана, 29 қаңтар, 2003**

Сіздің Жоғары мәртебеліңіз,

Екі ел арасындағы достық байланыстар мен ынтымақтастықты кеңейту үшін жапон экономикалық ынтымақтастығына қатысты Жапония Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері арасында жақында өткізілген талқылауға жүгінуді әрі Жапония Үкіметінің атынан мынадай келісімдерді ұсынуға рұқсат етуіңізді с ұ р а й м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қызылорда қаласының көп бейінді аурухана кешеніне медициналық жабдықтар беру жөніндегі жобасын (бұдан әрі - Жоба) іске асыруға көмектесу мақсатында Жапония Үкіметі Жапонияның қолданыстағы заңнамасына, нормативтік кесімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне Ү 467.000.000 (төрт жүз алпыс жеті миллион иен) мөлшерде грант (бұдан әрі - Грант) б ө л і н с і н .

2. Грант, егер осы кезең уәкілетті екі үкіметтің өзара келісімдері арқылы ұзармаған

болса, осы келісім күшіне енген күн мен 2003 жылғы 31 наурыз арасындағы кезең ішінде ұсынылады.

3. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі Грантты тек төменде аталған Жапонияның немесе Қазақстан Республикасының өнімдерін немесе Жапония бодандарының немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының қызметтерін сатып алу үшін пайдаланады (осы келісімде қолданылатын "бодандар" термині жапондық бодандарға қатысты жапондық жеке тұлғалар бақылайтын - жапондық жеке тұлғаларды немесе жапондық заңды тұлғаларды және қазақстандық бодандарға қатысты - қазақстандық жеке немесе заңды тұлғаларды білдіреді):

(а) Жобаны іске асыру үшін қажетті және оларды орналастыру үшін қажет жабдықтар;

*Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер бірінші вице-министрі*

*Қайрат Әбусейітов мырзаға*

(б) Жобаны іске асыру үшін қажетті көлік құралдары және оларды орналастыру үшін қажетті қызметтер

(с) жоғарыдағы (а), (б) тармақтарында көрсетілген өнімдерді Қазақстан Республикасына тасымалдау үшін және ел ішінде тасымалдау үшін қажетті қызметтер.

(2) Егер екі үкімет қажет деп тапса, жоғарыдағы (1) тармақтың ережелеріне қарамастан, Грант жоғарыдағы (1) тармақтың (а) және (б) тармақшаларында көрсетілген Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан өзге үшінші елдерде шығарылған өнімдерді әрі (1) тармақтың (а), (б) және (с) тармақшаларында көрсетілген Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан өзге үшінші елдерде сатып алуға берілген қызметтерді пайдаланылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органдары 3-тармақта көрсетілген өнімдер мен қызметтерді сатып алу үшін жапондық бодандармен жапондық иенінде келісім-шарт жасасады. Жапония Үкіметі Грант үшін ыңғайлы мұндай келісім-шарттар ретінде бекітуі тиіс.

5. (1) Жапония Үкіметі Грантты Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органдары 4-тармақтың ережелеріне сәйкес бекітілген келісім-шарттар (бұдан әрі - Бекітілген келісім-шарттар) бойынша алған міндеттемелерді жабу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы Жапония банкінде белгіленген (бұдан әрі - Банк) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына ашылған шотқа жапондық иенімен төлемдер жасау жолымен орындайды.

(2) Жоғарыдағы (1) тармақшада көрсетілген төлемдер Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы ақы төлеуді жүргізу үшін уәкілдік берген Банкке Жапония Үкіметіне төлем өтінішін берген кезде орындалады.

(3) Жоғарыдағы (1) тармақшада көрсетілген шоттың жалғыз мақсаты Жапония Үкіметінің жапон иенінде төлемдер алуы және Бекітілген келісім-шарттардың

қатысушылары болып табылатын жапондық боданның ақы төлеуі болып табылады. Банк шотынан кредит пен дебетке қатысты рәсімдік шаралар Банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе ол уәкілеттік берген орган арасындағы консультациялар жолымен келісіледі.

6. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі мынадай шараларды:

(а) Қазақстан Республикасының аумағында Грант бойынша сатып алынған тауарларды уақытында кедендер ресімдеуі және ішкі тасымалдауды қамтамасыз ету;

(б) жапондық бодандарды Бекітілген келісім-шарт бойынша өнімдерді жеткізу мен қызметтерге байланысты Қазақстан Республикасында салынатын кедендік баж, ішкі салықтар және өзге де қаржылық алымдардан босату;

(с) Бекітілген Келісім-шарттар бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізуге байланысты қызметі қажет болатын жапондық бодандарға өз жұмыстарын орындауы үшін Қазақстан Республикасына келу және оның аумағында болу жағдайларын қ а м т а м а с ы з е т у ;

(д) Грант бойынша сатып алынған тауарлардың жобаны іске асыру мақсатында тиесілі және тиімді ұсталатынын және пайдаланылатынын қамтамасыз ету;

(е) Грантпен жабылатындардан басқа, Жобаны іске асыру үшін қажетті барлық шығысты көтеру үшін қажетті шараларды қолданады.

(2) Грант арқылы сатып алынған тауарларды жөнелтуді және теңіздік тасымал сақтандыруына қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі тауарларды жөнелту және теңіздік тасымалдау сақтандыру компанияларының арасында әділ әрі еркін бәсекелестікке кедергі келтіруі мүмкін қандай да бір шектеулер белгілеуден бас т а р т а д ы .

(3) Грант бойынша сатып алынған тауарлар Қазақстан Республикасынан қайта экспортқа шығарылмайды.

7. Осы келісімдерге байланысты туындауы мүмкін мәселелер бойынша екі Үкімет бір-бірімен консультациялар жүргізеді.

Осы Нота мен Сіздің Жоғары мәртебеңіз Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жоғарыда келтірілген келісімді растайтын жауап Нотаңыз Жапония Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енетін екі үкімет арасындағы бекітілген Келісім болып саналатындығын ұйғаруға маған құрмет көрсетіңіз.

Сіздің Жоғары мәртебеңізге өзімнің терең құрметіме сенім білдіру мүмкіндігін пайдалануыма рұқсат етіңіз.

Т о с и о Ц у н о д з а к и  
Ж а п о н и я н ы ң Қ а з а қ с т а н  
Р е с п у б л и к а с ы н д а ғ ы Т ө т е н ш е

және Өкілетті елшісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК